ЖШС « Жиенбет ата» балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

Әділет

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 20292 болып тіркелді

1-тарау. Жалпы ережелер

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 15 тамызда № 8 болып жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Педагогикалық кеңес:

1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;

4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

5) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

ЖШС «Жиенбет ата» бобекжай-балабақшасы
№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 27 тамыз 2024 жыл
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы:«Жаңа оқу жылының жұмыс барысы»

2024-2025оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты:27 тамыз 2024 жыл
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы:«Жаңа оқу жылының барысы»
Мақсаты:Балабақшада тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау,бекіту.
Төрайымы:
Хатшысы:.
Барлық педагогтар саны:
Қатысқан педагогтар саны:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
   Меңгеруші: .
2. Жасмамандарментаныстыру, тәлімгер бекіту.Әдіскер:
3. 2024-2025оқу жылында бекітілген топтармен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Меңгеруші:
4. Балабақша педагогикалық ұжымын 2024-2025 оқу жылының нұсқау хатымен таныстыру, ондағы өзгерістерді талқылау.Әдіскер:
5. Балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін,ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылау,бекіту.Әдіскер:
6. 2024-2025 оқу жылында арналған балабақшаның дам стратегиялық жоспарын бекіту.Меңгеруші:
7. Педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2024-2025 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын бекіту.Әдіскер
8. Аттестаттау коммисиясының құрамын сайлау,бекіту.Аттестаттау коммисиясының жұмыс жоспарын бекіту.
9. Балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізу және бекіту.

1.ТЫҢДАЛДЫ:
Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды.Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып,педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтты.
СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:Әдіскер:
Әдіскер Битуганова Р тәрбиеші Жумабекова С хатшы етіп сайлауды ұсынды.Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Жумабекова С ....сайлауды ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. Жумабекова С педагогикалық кеңестің хатшысы болып сайлансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, әдіскер Битуганова Р жаңа оқу жылында педагогикалық ұжымға жаңадан қосылған жас мамандарды атап, оларға әдістемелік көмек көрсететін тәлімгерлерді тағайындады.

ШЕШІМІ:

1..

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша меңгерушісі 2024-2025 оқу жылындағы топтарғы жауапты тәрбиешілерін тағайындады.Олар:

Топтар	Жасы	Балалар саны	Тәрбиешілері
Қарлығаш	4	25	Жумабекова С
Балауса	4	25	Ергешова Н
Балдәурен	3	25	Ертаева С
Балапан	3	25	Назарова М

ШЕШІМІ:

1.2024-2025 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогтерді 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды.Әдістемелік нұсқау хатта 2024-2025 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттердің бағытын атады.Соның негізінде балабақша 2024-2025 оқу жылына белгілеген міндеттері төмендегідей екенін атады:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмірсалтынегіздерін,қауіпсізөмірсұрудағдыларынқалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердіңкоммуникативтік дағдыларынқалыптастыру;
- «Білімді ұлт» жобасы аясында шаралар ұйымдастыру арқылы балаларды Отанды,анатілінсүюге,ұлттықбірегейлікпеназаматтықнегіздерінежәне патриотизмгебаулу.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған2024-2025 оқу жылындағы басшылыққа алатын 21 нормативтік құқықтық құжаттарды атады.Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтарында **заттық-дамытушы ортаны** талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын ескертті.Заттық-дамытушы ортаның балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың

бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы керектігі айтылды.

Ағымдағы оқу жылының циклограммасына ұлттық, маусымдық киімдері қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждары тақырыбында сюжетті-рөлдік ойындар жоспарлауы ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1.Балабақша педагогтеріне 2024-2025 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқ хаттың мазмұны таныстырылсын.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері [illegible] 2025 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды.Оғ негізгі 7 бөлімнің қаралатыны айтылды.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайтынын айтты. ОАМ №382 бұйрығына сәйкес. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланатынын, циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайтыны айтылды.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылып, Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалатыны айтылды. Осыған сәйкес балабақшада құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен күн тәртібін ұсынды.

ШЕШІМІ:

1.Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналаған оқу мен тәрбие жоспары талқыланып, бекітілсін.

2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективтік жоспары талданып, бекітілсін.

3.Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтер кестесі бекітілсін.

6.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған даму стратегиялық жоспарының құрылымымен таныстырды.Жоспардың мерзімімен, тақырыбымен,

мақсатымен және күтілетін нәтижесімен танытырды. Жоспардың барысы тәрбиеленушілердіңауызекібайланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен,салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздікнормаларды,мәдениетті қарым-қатынастыигертубағытында болатыны айтылды.

ШЕШІМІ:

1.Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналаған даму стратегиялық жоспары бекітілсін.

7.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын жетінші мәселе бойынша, әдіскер педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2024-2025 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын нақтылады. Алдымен, педагогтерге жобаның талабымен таныстырып, сол бойынша қазіргі таңда балабақшада маңызы бар тақырыптарды таңдауды сұрады. Сонымен қатар, жоба жұмысын 1, 2 немесе 3 педагог бірлесе жаасауға болатынын айтты. Педагогтердің таңдаған тақырыптары талқыланып, бекітілді.

ШЕШІМІ:

1.Балабақша педагогтерінің өз білімін көтеру бағытында 2024-2025 оқу жылына арналған жоба тақырыптары бекітілсін.

8.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын сегізінші мәселе бойыншабалабақша меңгерушісі 2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясына құрамын сайлап,бекіту керектігін айтты.Сайланған комиссия құрамыжаңа форматтааттестатталушы педагог қызметкерлер мен оларға кеңестірілген тұлғалардың жұмыс барысын бақылап, портфолио жүйесінің дұрыс жасалуын қадағалайтынын айтты. Аттестаттау комиссиясының құрамынааттестаттау комиссиясының төрағасы,төраға орынбасары,аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі.Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді.Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады.Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек.Енді осы сұрақ бойыншапікірлеріңіздіортаға салуларын сұрады.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып,тәрбиеші Ертаева С, орынбасары болып . Мүшелері: тәрбиешілер Назарова М, ал хатшысы ретінде Жумабекова Сұсынамын деп сөзін аяқтады.

Педагогтар әдіскердің ұсынысын қолдай отырып,аталған тәрбиешілерге қарсылық білдірмейтіндігін айтты.Қатысушылар бір ауыздан ұсынысты қолдап,қарсылық білдірмейтіндіктерін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Аттестаттау комиссиясының хатшысы болып Жумабекова С сайлансын.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып Битуганова Р төраймының орынбасары .Назарова М мүшелері болып..Ертаева С сайлансын.

2. Коммисия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкесжұмыстарды атқарсын.

9.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын тоғызыншы мәселе бойыншабалабақша меңгерушісі 2024-2025 оқу жылында балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізіліп, бекітілетінін айтты.Сонымен қатар, тәрбиешілердің құжаттарында 5 білім беру дағдылары бойынша папкаларының қоса жинақталатыны айтылды.

ШЕШІМІ:

1.Балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізіліп, бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Битуганова Р

Хатшы: Жумабекова С

ЖШС «Жиенбет ата» балабақшасы

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 22 қараша 2024 жыл
Түрі:Тақырыптық кеңес
Тақырыбы:Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.
Мақсаты:Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

2024-2025оқу жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 22 қараша 2024 жыл

Түрі: Тақырыптық кеңес

Тақырыбы:Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Мақсаты:Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

Төрайымы:

Хатшысы:

Барлық педагогтар саны:

Қатысқан педагогтар саны:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажететін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар,белсенді демалыс). Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларыныңбірнеше түрлері ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Дене шынықтыру нұсқаушысы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Битуганова Р

Хатшы: Жумабекова С

«Жиенбет ата» балабақшасы»

Тақырыбы: Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру

(№2 педагогикалық кеңесте оқылатын баяндама)

Орындаған: Битуганова Р

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі – денсаулық сақтау технологияларын енгізу болып табылады.

«Денсаулық сақтау білім беру технологиялары» ұғымы педагогикалық практикада соңғы жылдары ғана пайда болды. Бұл тақырып балалардың денсаулық жағдайына байланысты өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселесін бала мектепке барғанға дейін, яғни балабақшада шешу маңызды.

Қазақстанда денсаулық сақтау технологиясы мәселесі салауатты өмір салтының түрлі аспектілері бойынша балалардың денсаулығын сақтау теориясы мен тәжірибесіне елеулі үлес қосқан Г.Д.Әлімжановаңың, Р.Р. Амангелдиевтың, З.К.Дунаеваның, С.А. Жампеисованың еңбектерінде ашып көрсетілген.

Қазіргі уақытта ғалымдар «денсаулық сақтауды» арнайы ұйымдастырылған дене шынықтыру-сауықтыру, білім беру, санитарлық-гигиеналық, емдік-профилактикалық және т.б. іс-шаралар жиынтығын қамтитын, яғни мектепке дейінгі ұйым қызметінің балалар денсаулығын сақтау мен нығайту, қалыптастыру бойынша барлық бағыттарын біріктіретін процесс ретінде қарастырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулықты сақтау жүйесі қамтиды:

- түрлі сауықтыру сәттерін (таңертеңгі гимнастика, «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс әрекеті, сергіту сәттері, қимылды ойындар, серуендер, спорттық мерекелер мен сауықтар);

- нәрлі тамақтануды ұйымдастыру;

- балалармен медициналық-профилактикалық жұмыс жүргізу;

- шынықтыру шараларының кешені (сауықтыру гимнастикасы, өзіне-өзі массаж жасау, түзету, тыныс алу жаттығулары, салқын тиюден болатын ауруларды, жалпақ табандылықты болдырмау үшін алдын ала емдеу; жалаң аяқ жүру, тамақты және ауызды шаю).

Әдістемелік ұсынымдардың құрылымы келесі бөлімдерді қамтиды:

- «Денсаулық сақтау технологияларының маңызы мен ұстанымдары»;

- «Оқытудың денсаулық сақтау білім беру технологиялары мақсатына қол жеткізудің негізгі құралдары»;

- «Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және ынталандыру заманауи технологиялары».

Білім беру процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу педагогтерге мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы мен психоэмоционалдық көңіл-күйін, дене дайындығын жақсартуға, ауру-сырқаудың азаюына және салауатты өмір салтын саналы түрде ұстану сұранысына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

Педагогика ғылымында «денсаулықты сақтау» ұғымы XX ғасырдың 90-жылдары қолданыла бастады және түрлі кезеңдерде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері арқылы балалардың денсаулығын сақтауда қатынас өзгешелігін көрсетті.

Отандық және шетелдік ғалымдар адам денсаулығының 7-8% денсаулықтықты ойдағыдай сақтауға, 50% - өмір салтына байланысты екендігін анықтады, сондықтан мектепке дейінгі ұйымның міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша педагог жұмысының тиімділігін арттыру.

Денсаулық сақтау педагогикалық технологияларын таңдау: мектепке дейінгі ұйым типіне, мектепке дейінгі ұйымның нақты жағдайларына, педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне, балалардың денсаулық көрсеткіштеріне байланысты болады.

Соңғы уақытта әртүрлі сала мамандарының назарын ұл балалар мен қыз балалардың арасындағы айырмашылықтың гендерлік аспектілері қарқыны және интеллектуалдық даму сапасы, эмоционалдық әрекет қабілеттілігі, іс-әрекетті және жетістікті, мінез-құлықты бағалауы аударуда.

Мектепке дейінгі ұйымның міндеті әр балаға өз мүмкіндіктерін сезінуге, оларды дамыту үшін дамытушы ойын ортасын құруға, баланың денсаулығын сақтау мен нығайтуға көмек көрсету.

Денсаулық сақтау технологиясы анықтамасынан балаларда денсаулық мәдениетін қалыптастыру маңызды мақсат екендігін байқауға болады. Денсаулық мәдениетін зерделемей, тәрбиелеу қажет.

Денсаулық сақтау технологияларының мәні салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудан, денсаулықта болатын өзгерістерді болжаудан және соған сәйкес педагогикалық-психологиялық, түзету және сауықтыру шараларын өткізуден тұрады.

Денсаулық сақтау технологияларын ұйымдастыру және қолдану келесі дидактикалық ұстанымдарды ескере отырып іске асырылады:

- жас ерекшеліктерін ескеру;
- жүйелілік пен бірізділік;

- қол жетімділік пен дараландыру (орта балалардың ойындар мен ойыншықтарға, материалдарға, құрал-жабдықтарға еркін түрде қол жетімділігін қамтамасыз етеді);

- қауіпсіздік (орта сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары элементтерінің сәйкестілігін ұсынады);

- баланың жетістігін сезінуі.

Педагогтердің білім беру қызметінің денсаулыққа бағытталған әдістемелік ұстанымдарына ғалымдар (И.И.Брехман, Н.В.Колбанов, Г.К. Зайцев, 6 Л.Г. Татарникова) тұжырымдама жасады және кейін олар біздің жағдайға икемделді:

- *денсаулықты сақтау* - Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын игеру қарқынын анықтауға бағытталады;

- *денсаулықты нығайту,* әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, денеге түсетін салмақтың дұрыс мөлшерленуін сақтауды негізге алады;

- *денсаулықты қалыптастыру,* салауатты өмір салтын ұстануға бағытталады, өтпелі тақырыптарды жоспарлауға сәйкес білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Топтарда профилактикалық шараларды жүргізу: топ және жатын бөлмелерін кварцтау, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы, топ және жатын бөлмелерін желдету, таза ауада серуендеу, релаксация.

Мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясы келесідей қызмет атқарады:

релаксациялық – бұлшық еттерді босаңсытып, шаршағанды басады, жағымды жағдай тудырады;

коммуникативтік – өз денсаулығына ұқыпты қарауға ықпал ететін салауатты өмір салтын ұстану тәжірибесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

түзету – балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілетін Диагностиканың нәтижесі бойынша түзетуді қажет ететін балалармен түзету жұмысы жоспарланады, оның нәтижесі «Бақылау парағына» толтырылады;

профилактикалық – физиологиялық және психологиялық аурулардың пайда болуының алдын алу.

Денсаулық сақтау технологиялары басқа білім беру салаларымен белсенді түрде кіріктіріледі: мысалы, «Шығармашылық» білім беру саласы «Музыка» ұйымдастырылған оқу әрекетіне тыныс алу, артикуляциялық гимнастика, ән

айтуға дайындық кезінде ойын түрінде өзіне-өзі массаж жасау балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға, денсаулықты нығайтуға көмектеседі және баланың денесін дамыту құралдарының бірі болып табылады. Сондай-ақ ән айту баланың денсаулығына және дамуына оң ықпал етеді: ақыл-ой қабілетін белсендіреді, эстетикалық және адамгершілік түсініктерін, есту қабілетін, есін, сөйлеуін, ырғақты сезуін, зейінін, ойлауын дамытады, өкпені және барлық тыныс алу аппаратын нығайтады.

Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасау.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың жастарына сәйкес келесі міндеттердің орындалуын: дене бітімі қасиеттерін дамытуды; негізгі қимыл түрлерін жетілдіруді; қимыл дағдыларын қалыптастыруды; қимыл ойындарының түрлерін ұйымдастыруды және өткізуді; спорттық жатттығуларды орындауды (шанамен, шаңғымен сырғанау,велосипед тебу, жүзу); спорттық ойындардың (футбол, баскетбол, бадминтон және т.б.) элементтерімен таныстыруды; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды; балалардың дене бітімінің дұрыс дамуына медициналық-педагогикалық бақылау ұйымдастыруды, жалпақ табандылықтың алдын алуды қамтамасыз етеді.

«Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын (ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы) басшылыққа ала отырып, педагогтер бала мектепке дейінгі ұйымда болған кезде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күнделікті дене шынықтыру-сауықтыру жұмыс түрлерін: таңертеңгі гимнастика, серуенде дене жаттығуларын орындау (күннің I және II жартысында), шынықтыру шаралары, массаж, қимылды ойындар, балалардың дербес қимыл белсенділігі, белсенді демалыс (дене шынықтыру мерекелері, денсаулық күні) ұйымдастырады.

Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз

мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға; шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің қимыл белсенділігіне сұраныстарын жетілдіруге бағытталған.

Тыныс алу және қимыл жаттығуларымен, түзетуші гимнастиканың элементтерімен қатар, балалар билейді, ән айтады.

Табиғаттың сауықтыру күштерін қолдану (күн және ауа ванналары, су процедуралары) денсаулық сақтау білім беру технологиялары мақсатына қол жеткізуге елеулі ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 22-тармағына сәйкес балаларды теңгерімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның жиілігі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және жарғыға сәйкес айқындалады. Мектепке дейінгі ұйым балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде пайдалы теңгерімді тамақтануды, әрі табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

Педагог балалармен жұмыс барысында дауысын көтермеуі тиіс. Айқай-шу дауысқа зиян келтіреді, есту қабілетін нашарлатады және балалардың жүйке жүйесіне кері әсер етеді.

ЖШС «Жиенбет ата» балабақшасы

№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 15 қаңтар 2025 жыл
Түрі:Дәстүрлі
Тақырыбы:Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы
Мақсаты:Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

2024-2025 оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 15 қаңтар 20[illegible] жыл

Түрі: Дәстүрлі
Тақырыбы:Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы
Мақсаты:Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру
Төрайымы:
Хатшысы:
Барлық педагогтар саны:
Қатысқан педагогтар саны:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педкенестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңеске тапсырма:
«Отанды,анатілінсүюге,ұлттықбірегейлікпеназаматтықнегіздерінежәне патриотизмге баулу»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалғанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:
1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша,тәрбиеші «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативті құзыреті және оның құрылымы үш компоненттен (мотивациялық-жеке, мінез-құлық және танымдық элемент) тұратынын атап, оларға жеке тоқталды. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру балаға айналадағы адамдарды түсіну, ересектермен айқын тілде сөйлесу, жағдайға лайықты түрде сезім мен эмоцияларды білдіріп, сұрақтар қоюға, ауызша және ауызша емес қарым-қатынас жолдарын пайдалануға мүмкіндік беретінін айтты.Ол үшін, оқу үдерісінде балалармен қарым-қатынас жасағанда, біз белгілі бір ережелерді сақтауы керек. Мәселен, әрбір баламен жеке байланыс орнатылуы тиіс, сіз баланың көз деңгейінде сөйлесу керексіз, баланың ойын соңына дейін тыңдаған жөн т.б.

ШЕШІМІ:
1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:
Үшінші мәселе бойынша,балабақша әдікері«Мектеп жасына дейінгі балаларғаәлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» тақырыбында кеңес берді. Балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы – мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып, адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болатынын айтты.«Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне біліп, ойынды ұйымдастырғанда ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырған жөн» - деп кеңес берді

ШЕШІМІ:
1. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:
Төртінші мәселебойынша, балабақша әдіскері аралық мониторинг нәтижесін диаграмма арқылы көрсетті. Мониторинг баланың жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру және баланың Үлгілік бағдарларма мазмұнын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетінін айтты. Соның негізінде, аралық мониторинг 2024 жылдың қаңтар айында 4 топта жүргізілгенін айтты. 2 ортаңғы топ, 2 ересек топ, Барлық топ бойынша бала саны - 100.
Бұл көрсеткіштер әр жас ерекшелік бойынша салыстырмалы түрде көрсетілді

және анықтамасы тәрбиешілер тарапынан да, әдіскер тарапынан да айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтар аралық мониторинг нәтижесіне сәйкес балаларды тәрбиелеу және дамыту тәсілдерімен қамтамасыз етіп, түзету іс-шаралары жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Битуганова Р

Хатшы: Жумабекова С

ЖШС «Жиенбет ата»балабақшасы

Тақырыбы:«Мектепке дейінгі жастағы балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары»

(№3 педагогикалық кеңесте оқылатын баяндама)

Орындаған: Битуганова Р

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі жастағы балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары

Бүгінгі таңда баланы әлеуметтендіру дегеніміз – баланы өмірде өз орнын таба білетін, ұлттық рухани мәдениет пен дәстүрлерді біліп, сақтауға тырысатын, әлеуметтік бейімделген, өзін-өзі дамыту мен үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын ынталы жастарды талап ететін қазіргі қоғамның социомәдени ортасына енгізуге бағытталған үрдіс.

Балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы – мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып табылады. Оның адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болады. Баланың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуының үзбей жүзеге асырылуда, яғни білім беру мен тәрбиелеу үрдісінің барлық кезеңдеріне енгізілгенде ғана табысты болатыны шарт. Баланың жеке бас тәжірибесі, балаға қалыпты жағдайда, дербестігін, алғырлығын, қарым-қатынас мәдениетін, айналаға адамгершілік көзқарастарын көрсете білуге ұмтылдыратындай, таным, қарым-қатынас және басқа да қызмет түрлерінің құралдары мен әдістерінің қолжетімді түрлері арқылы ұйымдастырылуы қажет. Ең маңыздысы – топта бала үшін эмоционалды-жайлы климат және педагог пен балалардың мазмұнды жеке-тұлғалық бағытталған қарым-қатынасы болуы, бала ынтасын әрдайым қолдап отыру болып табылады.

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың ең сүйікті де, табиғи, балаға ғана тән қызмет түрі болып табылады. Ойын баланың балабақшада болған уақытының барлық көлемін қамтиды. Ойын кезінде бала өзі туралы, достары туралы, жалпы қоғам туралы түсінік алады, мәліметін толықтырады. Біздің тәрбиелеу-білім беру үрдісінде қызметтің барлық түрінің маңыздылығы және ойын мен қызметтің өзге түрлерінің оңтайлы үйлесуі принципі сақталады. Сондықтан да тәрбиешілер ойынға бөлінген уақыт есебінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті немесе еңбек қызметінің түрлерімен айналыспауға баса назар аударып отырады. Балабақша тәрбиешілері ойынның: сюжетті-рөлді, ережелі ойын, қимылды ойын, спорттық ойын, әр түрлі ұлттық ойындар сияқты түрлерінің дамуына баса көңіл бөліп отырады. Ойын және ойын әдістері қызметтің барлық түрлерінде, күнделікті өмірде және ұйымдастырған оқу әрекетінде қолданылады.

Балабақшаның кіші топтарында режимдік кезеңдерде ойын жағдаятын қолдану киініп-шешіну, киімін ілу, қолын жуу сияқты күніне бірнеше қайталанатын, әрі қызық емес, іш пыстыратын үрдістерді бала үшін қызықты етуге және баланың дербестігі мен белсенділігін арттырып, бәсекелестігін шыңдауға мүмкіндік туғызады.

Балабақшаның барлық топтарының тәрбиелеу –білім беру үрдісінде сюжетті-рөлді ойындар ерекше орын алады. Ойынның бұл түрі баланың ой-өрісін кеңейтіп, айнала қоршаған орта туралы ұғымын қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Балабақшамызда балалардың өз еркімен ойын ұйымдастыруларына да барлық жағдай жасалған. Тәрбиешілер тарапынан бала ойынының сюжетін байыту, баланың ой-қиялын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жолға қойылған. Ол үшін көрем әдебиет, әңгімелеу және әртүрлі тақырыпқа балалармен әңгімелесу, экскурсия, серуендеу, көрнекі құралдар сияқты әртүрлі әдістер қолданылады.

Барлық топтарда да ойын орталықтары ойыншықтармен толық қамтамасыз етілген, ол жерде бала қалауы бойынша әртүрлі ойын ұйымдастырылады. Әр топ балаларының жас ерекшелігіне, баланың интеллектуалды даму деңгейіне байланысты топ тәрбиешісі ойын сюжетінің тақырыбы мен деңгейін нақты анықтап алады. Мысалы: Ортаңғы тобында, «Сән салоны», «Ұлттық бұрыш», «Дәрігер» т.б. ойын түрлері өткізіледі. І-кіші сәбилер тобында ойын бұрыштары қарстырылмаған.

Педагогтар әдіс-тәсілдердің көптүрлілігін сюжетті дамытуға, ойын барысындағы рөлдерді бөлуге, ойын кеңістігін дұрыс ұйымдастыруға көптеп қолданады. Көбінесе тәрбиешілер ойын процесіне өздері де кірісіп кетіп, ойын әрекеттерінің үлгілерін көрсетеді, ойын ережесімен таныстырады, ойын атрибутикаларын енгізуге көмектеседі.

Балабақша педагогтары мен психологы ойын әрекетінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту бойынша жұмыстар жүргізеді. Тәрбиешілер ойын кезінде балалардың бір-біріне мейірімділігін құптап, бір-бірімен келісімге келуге, бір-біріне жаны ашуға, ойын бойынша серіктесіне сыйластыққа, келіспей қалушылықты әділ шешуге тырысуға үйретеді.Ойынның әртүрлі түрлерін ұйымдастыру кезінде балалардың тілегі, тұлғалық ерекшеліктері мен эмоционалдық жағдайы, сондай-ақ бір-бірімен достық қарым-қатынастары міндетті түрде ескеріліп отырылады.

Сюжетті-рөлді ойындарды ұйымдастырғанда тәрбиешілер балалардың ойындық қарым-қатынасы мен рөлдік қарым-қатынасын дамыту бойынша жұмыс жүргізеді. Ол үшін қимыл-қозғалысты келтіру, өлең-тақпақтарды инсценировкалау, заттарды «тірілтуі» сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады.Бұл әдістер кіші топтардан бастап қолданылады және балаларға өте ұнайды, өйткені балалар өздерін еркін сезініп, өзінің шығармашылық қабілеттерін айқын көрсете алуға үйренеді.

Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне білген балабақша педагогтары ойынды ұйымдастырғанда : ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырады. Сонымен қатар балалардың жыныстық-рөлдік ерекшеліктері де ескеріледі. Тек қыз балаларға немесе тек ер балаларға арналған ойындар немесе араласып ойнайтын ойындар болып ұйымдастырылады. Сюжетті-рөлді ойындарда қыз балалар ананың, үй от

анасының рөлін, ұл балалар ерлікті, мықтылықты талап ететін рөлдерді ойнау арқылы болашақтағы өз орындарын айқындауға үйренеді.

ЖШС « Жиенбет ата» бб

Педагогикалық кеңес №4 хаттамасы

Наурыз2025

«Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»
Мақсаты:баламалы энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу;
сюжетті - рөлдік ойындарды ұйымдастыру;
тірі және өлі табиғат объектілерін бақылауды күнделікті жүргізу;

Күн тәртібінде:
1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2.Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы өтілген шаралар бойынша есеп
3. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Бірінші мәселе бойынша Тыңдалды: Балабақша медбикесі Салыжан Ұлдана

Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – олардың толыққанды дамуы мен бақытты балалық шағының негізі. Бұл мақсатқа жету үшін келесі негізгі бағыттарға назар аудару қажет деді. **Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі** Балалардың физиологиялық және психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, күн тәртібін құру маңызды екендігін, Бұл олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуын жақсартатындығын, тәбетін арттырып және ұйқысының толыққанды болуын қамтамасыз ететіндігін айтты. **Шынықтыру және сауықтыру шаралары бойынша** Балалардың ағзасын нығайту үшін табиғи факторларды пайдалану тиімді. Мысалы, таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, су процедуралары және массаждың қарапайым түрлері балалардың денсаулығын жақсартады деді. **Дене тәрбиесі және қозғалыс белсенділігі** Балалардың қимыл белсенділігін арттыру олардың дене дамуын қамтамасыз етеді және түрлі аурулардың алдын алады. Дене тәрбиесі сабақтары, спорттық ойындар мен жаттығулар арқылы балалардың қозғалыс дағдыларын дамытуға болады деді.Балабақша мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс та балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқаратындығын, Ортақ күш-жігер арқылы ғана балалардың дені сау, бақытты және толыққанды дамуына қол жеткізуге болатындығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Сәуле Ертаева : Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жыл бойы жоспарланған іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтуға бағытталды. Аптасына бір рет өткізілген экологиялық сабақтарда балалар табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мәліметтер алды. Бұл сабақтар олардың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатқа деген қызығушылығын оятты. Айына бір рет ұйымдастырылған табиғатқа экскурсиялар барысында балалар жақын маңдағы саябақтар мен ормандарға барып, өсімдіктер мен жануарларды табиғи ортада бақылап, олардың ерекшеліктерімен танысты. Бұл тәжірибе балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырды. «Ағаш отырғызу», «Қоқыстан тазарту» сияқты экологиялық акциялар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты. Бұл шаралар олардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтты. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау сияқты конкурстар өткізілді. Бұл конкурстар балалардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын білдіруге мүмкіндік берді. Ата-аналардың қатысуымен экологиялық тақырыптағы

семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Бұл шаралар отбасында да экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Жылдық жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар балалардың экологиялық білімін арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін нығайтты. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Битуганова Раушан сөйледі: «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуы мен отбасындағы тәрбиені қолдауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл пункте мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді мақсат етеді. Консультациялық пункттер білім басқармасының (бөлімінің) шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар базасында құрылад Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетуБалалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау, дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың алдын алу». Ата-аналарға балалардың денсаулығы, тамақтануы, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ақпараттық қолдау көрсету деп айтты.Осы ұсынымдарды орындау арқылы ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің тиімді жұмысын ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына және отбасындағы тәрбиенің сапасын арттыруға қол жеткізуге болады деді.

Шешімі: Бала денсаулығын шынықтыру және сайықтыру бойынша қосмша жоспар құрылсын.

Наурыз, Сәуір айларында аулада ағаш, гүл отырғызу шаралары балалармен бірге жүргізілсін.

Консультативтік пунк бойынша кеңес бері шараларына логопед жоспары бекітілсін.

Пед кеңес төрайымы: Битуганова Р

Хатшы : Жумабекова С

Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не комектеседі?»

Балабақшада экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, оны қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды үрдіс. Бұл үрдіс барысында баламалы энергия көздерін пайдалану, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, сондай-ақ оларды тиімді қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Сюжетті-ролдік ойындарды ұйымдастыру балалардың экологиялық түсініктерін дамытуда тиімді әдіс болып табылады. Мысалы, "Эко-қала" ойыны арқылы балаларға күн, жел және су энергиясын пайдалану арқылы қаланы жарықтандыру және жылыту жолдарын көрсетуге болады. Бұл ойындар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, экологиялық мәселелерді шешуге деген қызығушылығын арттырады.

Тірі және өлі табиғат объектілерін күнделікті бақылау балалардың табиғаттағы құбылыстарды түсінуіне және оған деген қамқорлық сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, топтағы өсімдіктердің өсуін бақылау, олардың суару қажеттілігін анықтау немесе ауа райының өзгерістерін талдау арқылы балалар табиғаттың нәзік тепе-теңдігін түсіне бастайды.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбындағы кеңес балабақшадағы балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту шараларын талқылауға бағытталған. Бұл кеңесте келесі мәселелер қарастырылуы мүмкін:

1. **Шынықтыру шаралары:** Балалардың ағзасын нығайту үшін табиғи сауықтыру факторларын пайдалану маңызды. Ауа, су және күннің көзін мақсатты түрде қолдану арқылы балалардың денсаулығын жақсартуға болады. Мысалы, таңертеңгілік жаттығуларды таза ауада өткізу, су процедураларын ұйымдастыру сияқты шаралар ұсынылады.
2. **Дұрыс тамақтану:** Балалардың күнделікті рационында дәрумендер мен минералдарға бай тағамдардың болуы олардың иммунитетін күшейтеді. Балабақша мәзірін құрастырғанда, маусымдық жемістер мен көкөністерді енгізу ұсынылады.
3. **Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:** Балаларды қол жуу, тіс тазалау, жеке бас гигиенасын сақтау сияқты дағдыларға үйрету олардың денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады.
4. **Қозғалыс белсенділігі:** Күнделікті дене шынықтыру жаттығулары мен белсенді ойындар балалардың физикалық дамуын қамтамасыз етеді және түрлі аурулардың алдын алады.
5. **Психологиялық жайлылық:** Балабақшадағы достық және қолайлы атмосфера балалардың эмоционалды денсаулығына оң әсер етеді. Сергіту сәттері мен психологиялық тренингтерді күнделікті өткізу пайдалы.

Бұл шаралар кешені балалардың денсаулығын нығайтуға және олардың балабақшадағы күнделікті өмірін жайлы етуге бағытталған.

ЖШС «Жиенбет ата» балабақшасы

№5 Педагогикалық кеңес

Мерзімі: Мамыр 2025

Тақырыбы:
«2024–2025 оқу жылының қорытындылары»
Мақсаты:
Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын сараптау, жыл бойы аткарылған жұмыс нәтижелеріне талдау жасау, келесі оқу жылының басым бағыттарын айқындау.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау. Оқу процесінің жылдық корытындысы
2..Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағы,
Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Битуганова Р 2024–2025 оқу жылының екінші жартысында өткізілген №4 педагогикалық кеңесте балабақша педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық тәрбие мен денсаулық сақтау бағытын күшейту сияқты маңызды мәселелер қаралғандығын айтты. Кеңесте қабылданған шешімдер оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған нақты іс-шаралармен бекітілді дей келе,№4 педкеңестің шешімдерін жүзеге асыру барысында бірнеше бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді деді ,**Педагогтердің кәсіби дамуы**,Педагогтер арасында шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу семинарлары мен ашық оқу іс-әрекеттері ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар педагогикалық әдіс-тәсілдерді жаңарту мен инновациялық технологияларды енгізуге мүмкіндік берді.**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің сапасы** Кеңесте айтылғандай, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің мақсаттылығы мен балалардың жас ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз ету міндеті қойылған болатын. Бұл бағытта бақылау парақтары негізінде мониторинг жүргізіліп, оқу процесінде ұлттық мазмұнды интеграциялау мен ойын әдістерін тиімді қолдану байқалды. **Ұлттық құндылықтар мен патриоттық тәрбие** Балаларға ұлттық ойындар, ертегілер, салт-дәстүрлер мен атақты тұлғалар туралы танымдық іс-шаралар жүргізіліп, балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді құндылықтары дамытылды. **Дене шынықтыру және салауатты өмір салты** Таңғы жаттығулар мен серуендерді тиімді ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсетіліп, педагогтер күнделікті қозғалыс белсенділігін арттыруға назар аударды. Ауа райына сай киіну, жеке бас гигиенасы, дене шынықтыру жаттығулары тұрақты орындалды. **Қауіпсіздік және тәртіп** Жол ережелері, қауіпсіздік техникасы және баланың өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие жұмыстары жалғасын тапты. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында байланыс орнатылып, қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтар жүргізілд деді.Қорыта келеалынған соңғы қорытынды мониторингпен таныстырып,Жалпы алғанда, №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер жоспарға сай кезең-кезеңімен орындалғанын, Педагогикалық ұжым тарапынан белсенділік пен жауапкершілік байқалды деді. Бұл жұмыстар балалардың жан-жақты

дамуына оң әсерін тигізді. Сонымен қатар, орын алған кейбір әдістемелік кемшіліктер келесі оқу жылында түзету шараларын қажет етеді деп айтты.

Ұсыныс:
Келесі педагогикалық кеңестерде нақты нәтижеге бағытталған мониторинг құралдарын жетілдіру және педагогтер арасында тәлімгерлік жұмыстарды күшейту ұсынылады.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Битуганова Р Жаз – балалардың денсаулығын нығайтып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғатпен етене жақын болуға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Балабақшада бұл мезгіл арнайы жоспар негізінде ұйымдастырылып, балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі пайдалы өткізу мақсат етіледі деді.Әдіскер жаздың әдістемелік жоспарымен таныстырып өтті. Жазғы кезеңге арналған оқу-тәрбие жұмыстары **бірнеше бағыт** бойынша ұйымдастырылады: **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**
Жаз айында балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, таза ауада көбірек болуын қамтамасыз етуге баса назар аударылған. Жоспарда күн сайын таңғы жаттығу, таза ауадағы серуендер, спорттық жарыстар мен қозғалмалы ойындар қарастырылған. Бұл балалардың иммунитетін нығайтып, денсаулығын жақсартуға бағытталған.
Шығармашылық және зияткерлік дамыту:
Балалардың жазғы шығармашылық әлеуетін ашу үшін сурет салу, ермексазбен жұмыс, музыка және драма үйірмелері, асфальтқа сурет салу байқаулары ұйымдастырылады. Логикалық тапсырмалар, ұлттық ойындар арқылы ойлау қабілеті мен сөйлеу тілі дамытылады. **Табиғатпен таныстыру және экологиялық тәрбие:**
Табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы түсініктерді кеңейту мақсатында бақылау жұмыстары, табиғи материалдармен ойындар, су және құммен тәжірибе жасау қарастырылған. Сонымен қатар, балалар гүлдерді күтіп-баптауға, таза ауада тазалық сақтау ережелерін ұстануға үйретіледі.**Ұлттық тәрбие және адамгершілік құндылықтар:**
Жоспарға халық ертегілері, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрге негізделген танымдық ойындар мен іс-шаралар енгізілген. Балалар туған жерін, отбасын сүю, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиеленеді. **Балалар мерекелері мен көңіл көтеру:**
Жоспарға 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік концерт, ойындар күні, қуыршақ театры, еркін ойын күндері мен көңілді жарыстар енгізілген. Бұл балалардың әлеуметтік дағдыларын, ұжымда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп әо бөлімге тоқталып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р.Битуганова Таңғы жаттығуға жасалған бақылау бойынша Талдау нәтижесі бойынша таңғы жаттығу барлық топтарда күнделікті өткізіледі. Балалар жаттығуға қызығушылықпен қатысады. Жаттығулардың мазмұны маусымға сай таңдалып, қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған. Кейбір тәрбиешілер жаттығуларды музыкамен немесе санамақтармен байланыстыра отырып ұйымдастыру арқылы балалардың қызығушылығын арттырған деді.
Ұсыныс: Жаттығулардың мазмұнын түрлендіріп, ұлттық қимылды ойын элементтерін жиі қолдану ұсынылады. **Серуенге жасалған бақылау бойынша** Серуен уақытында балалардың еркін қозғалуына, қоршаған ортамен танысуына, дербес ойындар ұйымдастыруына жағдай жасалған. Тәрбиешілер бақылау кезінде маусымға сай табиғи құбылыстарды түсіндіру, бақылау, әңгімелесу арқылы балалардың тілін және дүниетанымын дамытуға тырысқан деді.

Ұсыныс: Серуен алдында педагог бақылау және танымдық мақсаттарды нақтылап алуы керек. Экологиялық тәрбиеге ерекше мән беру ұсынылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жасалған бақылау бойынша, Көптеген топтарда оқу іс-әрекеті балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылған. Тәрбиешілер әртүрлі әдіс-тәсілдерді (ойын, көрнекілік, қимыл, тәжірибе, сұрақ-жауап) тиімді қолданған. Балалардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары деңгейде байқалды. Кей жағдайларда топтағы жеке балалардың даму деңгейі мен ерекшеліктері ескерілмей, тапсырмалар тым жеңіл немесе күрделі болған деді.
Ұсыныс: Индивидуалды тәсілді жиі қолдану, дамытушы ортада көбірек балама нұсқалар ұсыну

ШЕШІМДЕР

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын **қанағаттанарлық** деп есептеу.

1. Оқу процесінің жылдық қорытындысы бойынша **балалардың даму деңгейі жас ерекшеліктеріне сай** деп танылсын.
2. Жаз мезгілінде сауықтыру, танымдық, ойын іс-әрекеттерін жүзеге асыруды **бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.**

Төрайым: Р.Битуганова

Хатшы С.Жумабекова